

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ДЕПОЗИТТЕРГЕ
КЕПІЛДІК БЕРУ
Қ О Р Ы



KAZAKHSTAN
D E P O S I T
I N S U R A N C E
F U N D

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

2013





2013 жылдың қараша айында Буэнос-Айрес қаласында (Аргентина) өткен Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының 12-ші жалпы жылдық жиналысында «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін жан-жақты дамыту саласындағы жетістіктері үшін» номинациясында депозиттерді сақтандырудың үздік ұйымы болып танылды.

Бұл номинация соңғы үш жыл бойы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің айтарлықтай дамуына қол жеткізген депозиттерді сақтандыру ұйымдарының жетістіктерін атап көрсетеді.

Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы Қордың кепілдік берілген өтемдерді төлеумен байланысты бизнес - процестерді оңтайландыру және техникалық шешімдерді дайындау, тәуекелдерді басқарудың дамыған жүйелері мен қорландыру, депозиттерге кепілдік беру механизмі туралы халықты хабардар ету бойынша белсенді жұмыс, депозиттерге кепілдік беру саласындағы қазақстандық заңнаманы дамыту секілді жетістіктерін ерекше атап өтті.

Бұдан өзге, Қордың төтенше жағдайлар орын алғанда банктерді мәжбүрлеп тарату жағдайына арнайы дайындалған іс-қимыл жоспары да ескерілді.

ҚОРДЫҢ МИССИЯСЫ

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету мен Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктері салымшыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауда тиімді қатысушысы болу

ҚОРДЫҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

- ➔ Депозиттерге кепілдік берудің тиімді жүйелерін құру мен дамытудың халықаралық қағидаларына сәйкес келу
- ➔ Үздік әлемдік тәжірибе жетістіктерін қолдана отырып, миссияны жүзеге асыру

ҚОРДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ

- ➔ Кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған Қордың арнайы резерв мөлшерін тиісті деңгейде құру
- ➔ Қатысушы банкті мәжбүрлеп тарату жағдайында, жетілдірілген бизнес-процестерге сүйене отырып, салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеуге дайын болу
- ➔ Құқықтық ортаны жетілдіру, салымшылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау
- ➔ Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі туралы халықтың хабардарлығын арттыру
- ➔ Халықаралық ынтымақтастықты күшейту
- ➔ Үздік әлемдік тәжірибе жетістіктері негізінде қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру
- ➔ Депозиттерге кепілдік беру, Қазақстанның қаржы қауіпсіздігі жүйелеріндегі барлық қатысушылармен және басқа серіктестермен әріптестік қарым-қатынасты нығайту

МАЗМҰНЫ

ТӨРАҒАНЫҢ ҮНДЕУІ	6
ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА	8
2013 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША	10
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	13
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	18
2013 ЖЫЛДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫ	20
ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВИ	22
АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІҢ МАҚСАТТЫ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ	23
ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ	24
АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ	25
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ	26
БАНКТЕРДІ ТАРАТУ ЖӘНЕ САЛЫМШЫЛАРҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ	27
ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТАНЫҢ ДАМУЫ	28
ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ	29
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	30
АДАМ РЕСУРСТАРЫ	31
АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	32
ҚОСЫМШАЛАР:	38
1) ДЕПОЗИТТЕРГЕ МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР	38
2) СОҒҒЫ 5 ЖЫЛДАҒЫ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІ САНДАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ	39
3) ГЛОССАРИЙ	40
4) ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР	41



Қордың жалғыз акционері – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің шешімімен 2014 ж. 30 сәуірде Қоғылов Бақыт Бектұрғанұлы Қор Төрағасы және Қордың Директорлар кеңесінің мүшесі қызметіне тағайындалды.

Бақыт Бектұрғанұлының ҚР Ұлттық Банкінің банктік қадағалау және сақтандыру ұйымдарын қадағалау бөлімшелерінде 20 жылдан астам еңбек өтілі бар, соның ішінде 15 жылдан астам – басшылық қызметтерде.

Қоғылов Бақыт Бектұрғанұлы

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы

ТӨРАҒАНЫҢ ҮНДЕУІ

Жалпы 2013 жылы Қазақстан экономикасы мен банк секторының жандануы жалғасын тапты. Банк секторының осылай ұзақ уақыт бойы қалпына келуі, ең алдымен, дағдарыстан кейінгі активтер сапасының айтарлықтай төмендеуімен байланысты. Сондай-ақ, сапалы несиелік қоржын өсімінің негізгі жетекшілері ретінде бөлшек тұтынушыларды несиелеу нарығында бөлсендік танытқан және корпоративті банкінге өз ұстанымдарын бекіткен орташа банктер болып табылады. Қазақстандық банк секторының маңызды үрдісі – операцияларды қорландыру бойынша өсім нүктесінің ішкі нарыққа – заңды және жеке тұлғалардың депозитіне ауысуында. 2013 жылы халықтың банктердегі салымдарының жиынтық сомасы 4 трлн. теңгеге жуықтады және олардың тұрақты өсуі орын алды. Әлбетте, бұл өсімді тұрақты қолдауда мемлекеттік кепілдіктер мен «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ-ң мәжбүрлі тарату кезінде халық салымдарын өтеу бойынша Қордың табысты тәжірибесі көп септігін тигізді.

Қор жылды ойдағыдай қаржылық көрсеткіштермен аяқтады. Есептік жылдың соңына Қор активтері бір жыл ішінде 20% артық өсім көрсетіп, 338,1 миллиард теңгені құрады. 2013 жылдың қорытындылары бойынша 15 миллиард теңге табысқа қол жеткізілді.

Қордың назарында салымшыларға кепілдік берілген өтемді төлеу процедураларының тиімділігін, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қорландырудың баламалығын арттыру мәселелері қалуда. 2013 жылы Қор өз қызметіндегі осындай басым бағыттары бойынша бірқатар маңызды жобаларды аяқтады.

Ең алдымен, жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесінің дамуы жалғасын тапты. 2013 жылы банк секторының ағымдағы жағдайын неғұрлым дәл көрсететін жаңаша сандық және сапалық индикаторлар сынақтан өткізілді. Консультативтік кеңеспен талқылау, ауқымды саралау жұмыстары және тесттер өткізу нәтижесінде, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мөлшерін анықтау ережелеріне өзгерістер енгізілді.

2013 жылы Қор «SalT-Payout» ақпараттық жүйесін дайындауды аяқтады, сонымен қатар «SalT-Inspect» және «SalT-Payout» ақпараттық жүйелеріне авторлық құқықты рәсімдеу жұмыстарын бастады. Бұл ақпараттық жүйелер кепілді өтемді төлеумен байланысты бизнес-процестердің басым көпшілігін автоматтандырады. Жыл соңында Қор «SalT-Inspect» бағдарламалық қамтамасыз етуді үш қатысушы банкке қолданысқа берді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қолдауымен 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап депозиттерге кепілдік беру жүйесін қорландырудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету мақсатында, Қордың арнайы резерв активтері бойынша инвестициялық кірістерді салықтан босату жөнінде шешім қабылданды. Сонымен қатар, Акционердің шешімімен арнайы резервтегі қаражат жеткіліксіз болған жағдайда салымшыларға өтемді төлеуге бағытталуы мүмкін жарғылық капиталдың ең жоғарғы үлесі 50-ден 70 пайызға дейін өсті.

Бизнес-процестерді үнемі жетілдіріп отыру әрқашан да Қордың басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сол себепті, Қор қол жеткізген Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін дамытудағы жетістіктері үшін» жүлдесі 2013 жылдың ең айтулы оқиғасының бірі болды. Аталған халықаралық жүлде өз қызметін дамытуда айтарлықтай жетістікке жеткен және үздік әлемдік тәжірибеге сәйкестігін дәлелдеген ДСЖХҚ-на мүше 75 ұйымның ішінен біреуіне ғана беріледі. Қор өз қызметтерін жүзеге асыру процедураларын жетілдіру, банктердің ықтимал қаржылық тәуекелдерін бағалау әдістерін дамыту, сондай-ақ реттеуші органдармен бірлесіп оларды тиімді реттеу жолдарын дайындау жұмыстарын жалғастыра бермек.

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі әріптестерім мен серіктестеріме, Қор Директорлар кеңесінің және Консультативтік кеңестің мүшелеріне, депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерге, сондай-ақ ДСЖХҚ хатшылығына және мүшелеріне депозиттерге кепілдік берудің қазақстандық жүйесін дамуындағы маңыздылығына түсіністік танытып, жемісті ынтымақтастық көрсеткендеріңіз үшін алғысымды білдіремін.

Құрметпен,



Бақыт Қоғымов
«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ Төрағасы

ҚЫСҚАША АНЫҚТАМА

ҚОРДЫҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ – құрылтайшысы және жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылатын коммерциялық емес ұйым.

Қор 1999 жылғы 15 қарашада Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері салымшыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында құрылған.

Қазіргі таңда Қор қаржы қауіпсіздігі жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады және өзінің негізгі міндеттеріне сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырады, соның ішінде қатысушы банк мәжбүрлеп таратылған жағдайда депозиторларға кепілдік берілген өтемді төлеу арқылы банк жүйесіне деген сенімді қолдайды. Осылайша, Қор Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі халық салымдарының өсімін қолдауда.

Қор қызметтері «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңымен (Міндетті кепілдік беру Заңы) бекітілген.

КЕПІЛДІК БЕРУ ОБЪЕКТІЛЕРІ

Жеке кәсіпкерлерді (соның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтары мен жеке нотариустар) қоса алғанда, депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктерде орналастырылған жеке тұлғалардың теңгедегі немесе шетел валютасындағы депозиттері, есептелген сыйақыны қоспағанда.

«Депозит» түсінігі талап етуге дейінгі салымдар, мерзімді және шартты салымдар, сонымен қатар ЕДБ-де ашылған ағымдағы және карт-шоттарды білдіреді.

Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары мен салымдары, заңды және жеке тұлғалардың металл шоттары мен ислам банктерінде орналастырылған депозиттер кепілдік беру объектілері болып табылмайды.

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ МІНДЕТТІ ҚАТЫСУ

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысу жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашу мен жүргізуге лицензиясы бар барлық ЕДБ-ге, ислам банктерінен басқа, міндетті болып табылады.

КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМ СОМАСЫ

Міндетті кепілдік беру туралы Заңына сәйкес қатысушы банкті мәжбүрлеп таратқан жағдайда кепілдендірілген депозиттер бойынша депозиторларға төленетін кепілдік берілген өтемнің ең жоғарғы сомасы бір салымшыға бір банк бойынша бес миллион теңгені құрайды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ:

- ▼ сот шешімімен мәжбүрлеп таратылатын қатысушы банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу
- ▼ қатысушы банктердің тізілімін жүргізу
- ▼ міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды өндіріп алу
- ▼ активтерді инвестициялық басқару
- ▼ мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына кепілдік берілген өтемді төлеу үшін агент банкті таңдау
- ▼ қатысушы банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айыру және/немесе консервациялау кезеңінде тағайындалатын уақытша әкімшіліктің құрамына қатысу
- ▼ мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы мен кредиторлар комитетінің құрамына қатысу
- ▼ халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу
- ▼ халықаралық ынтымақтастық

НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМАСЫ

- Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі
- «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
- «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

- Екінші деңгейдегі банктерді консервациялау және банкті басқару (банктің уақытша басқарушысы) жөніндегі уақытша әкімшіліктің банктің жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру бойынша операцияны жүзеге асыруы туралы ереже
- Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесі
- Банктік операцияларды жүргізуге берілген лицензиядан айырылған банктің активтерін және міндеттемелерін бір мезгілде басқа банкке (банктерге) беру операциясын жүргізу ережесі
- Агент банкті таңдау жөнінде конкурс өткізу мен агент банкке қойылатын талаптар ережесі
- Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның активтерін инвестициялау ережесі
- Кепілдік берілген депозиттер бойынша міндеттемелер қабылдайтын қатысушы банкке (банктерге) депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның заемдар беру және депозиттерді орналастыру ережесі

ҚОРДЫҢ НОРМАТИВТІК АКТІЛЕРІ

- Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің қосылу шарты
- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережелері
- Мәжбүрлеп таратылған банктің депозиторларға (салымшыларға) кепілдік берілген өтемді төлеу ережелері
- Кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартымен белгіленген Қордың бірегей талаптарына сәйкестігін анықтау ережелері

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181-үй
050010, Қазақстан Республикасы
Тел./факс: +7 (727) 291-38-29
e-mail: root@kdif.kz
website: www.kdif.kz

2013 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША

ЖЕТІСТІКТЕР МЕН МАРАПАТТАР

→ Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығының 2013 жылдың қараша айында өткен 12-ші жылдық жалпы жиналысында Қор «Депозиттерге кепілдік беру жүйесін жан-жақты дамыту саласындағы жетістіктері үшін» номинациясында депозиттерді сақтандыратын үздік ұйым деп танылды.

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРДІҢ ДИНАМИКАСЫ

- 2013 жылы Қордың активтері 19,81 %-ға өсіп, 338,1 млрд. теңгені құрады.
- Қатысушы банктер есепті жылы міндетті күнтізбелік жарналарды жалпы сомасы 25,2 млрд. теңге көлемінде төледі, Қордың арнайы резервіндегі олардың үлесі 114,7 млрд. теңгеге жетті.
- Қордың меншікті капиталы жыл ішінде 19,72 %-ға өсіп, 337,9 млрд. теңгеге жетті.
- 2013 жылғы табыс мөлшері 15 млрд. теңгені құрады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

→ Директорлар кеңесінің сегіз отырысы, оның ішінде бесеуі ашық және үшеуі сырттай өтті және Консультативтік кеңестің сегіз отырысы, оның ішінде біреуі сырттай өткізілді.

ТАРАТУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

- Қор «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ кредиторлары комитеттерінің отырысына қатысты.
- «Валют-Транзит Банк» АҚ салымшыларына кепілдендірілген өтемді төлеу жалғасты.
- Қор жыл ішінде қаржылық реттеу органдарымен бірлесе отырып, «Валют-Транзит Банк» АҚ-ның мәселелі сұрақтары бойынша жұмыс топтарына белсенді қатысты.
- 2013 жылдың соңына «Валют-Транзит Банк» АҚ тарату комиссиясына Қор талаптарының 54,71 % және «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясына Қор талаптарының 88 % өтелді.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТАНЫҢ ДАМУЫ

- Қор депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша келесі ҚР заңнамалық актілерін әзірлеу жөнінде бастама көтерді немесе қатысты:
 - «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы,
 - «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы.
- Қор «Екінші деңгейдегі банктерді консервациялау және банкті басқару (банктің уақытша басқарушысы) жөніндегі уақытша әкімшіліктің банктің жеке және (немесе) заңды тұлғалардың алдындағы активтері мен міндеттемелерінің бөлігін не толық мөлшерін басқа банкке (банктерге) бір мезгілде беру бойынша операцияны жүзеге асыруы туралы» ҚР Ұлттық Банкі ережесінің жобасын дайындауға қатысты.
- Қор келесі сұрақтар бойынша жұмыс топтарына қатысты:
 - ЕДБ-ді тарату мен сауықтырудың концептуалды ұсыныстарын әзірлеу,
 - банктік депозиттік сертификаттар сұрақтары бойынша ұлттық заңнамаға өзгертулер енгізу.

→ Қор келесі құқықтық механизмдерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындады:

- Қордың банктік құпияны құрайтын мәліметтерге қол жеткізуге мүмкіндік алуы,
- ЕДБ дерменсіздігін реттеу,
- «ұйқыдағы шоттарды» жабу шараларын реттеу,
- депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру мақсатында.

→ Ұлттық Банк және Халықаралық валюталық қор қаржы секторын ХВҚ Financial Sector Assessment Program (FSAP) бағдарламасы бойынша кезекті бағалауға кірісуде. Бағдарлама аясында, бұдан өзге, қазақстандық депозиттерге кепілдік беру жүйесі де бағаланады.

ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

→ Қор ішкі құжаттар, процедуралар мен үрдістерді дамыту мен көкейкесті жұмыстарын жалғастыруда, соның ішінде:

- Қосылу шарты,
- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесі.
- Қосылу шартымен белгіленген қатысушы банктерде кепілдендірілген депозиттерді есепке алу дерекқорының Қордың бірегей талаптарына сәйкестігін орнату ережесі

→ Қордың арнайы резервін толтыру мақсатында Қордың арнайы резерв активтері бойынша инвестициялық табысты салық салудан босату заңдық тұрғыда бекітілді.

→ Арнайы резервтің қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда кепілдік берілген өтемді төлеуге Қордың жарғылық капиталының 70 %-на дейін қолдану мүмкіндігі заңдық тұрғыда бекітілді.

→ Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтайтын әдістеме дайындалып, Қордың Директорлар кеңесімен мақұлданды.

→ Есепті жылдың қараша айының соңында уәкілетті орган қатысушы банктің барлық операцияларды жүргізу лицензиясынан айыру жағдайында, Қор жүргізетін барлық шараларға кешенді стресс-тестілеу өткізілді.

«БАТА» МІНДЕТТІ КҮНТІЗБЕЛІК ЖАРНАЛАРДЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМELEP ЖҮЙЕСІН ДАМУЫ

→ «БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі шеңберінде жеке тұлғаларға Қор ұсынған сыйақы мөлшерлемесінен жоғары депозиттік өнімдерін ұсынатын банктерге арналған жаңа 0,5 % жарна мөлшерімен «S» классификациялық тобы енгізілді.

→ «БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесінің сандық және сапалық көрсеткіштері жаңаланды.

→ «БАТА» ақпараттық жүйесін өзектілеу және оны ары қарай жетілдіру жұмыстары басталды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРДІ ДАМУЫ

→ Қор активтерін инвестициялық басқарудың тиімділігіне талдау жасалып, Қордың инвестициялық стратегиясына сәйкесінше түзетулер енгізілді.

→ Қордың арнайы резерв активтері бойынша инвестициялық кірістің 2014 жылдан бастап салық салудан босатылғанын ескере отырып, меншікті активтер мен арнайы резерв активтерінің есебі, сонымен қатар оларды орналастырғаннан түсетін кіріс есебі жеке жүргізіледі.

ҚОРДЫҢ КЕПІЛДІК
БЕРІЛГЕН
ӨТЕМДІ ТӨЛЕУГЕ
ОПЕРАЦИОНДЫҚ
ДАЙЫНДЫҒЫН
АРТТЫРУ

→ Қор бес қатысушы банкте кепілдік берілген депозиттер бойынша мәліметтердің автоматтандырылған дерекқорының сәйкестігін орнату шараларын аяқтауда.

→ Қор «Salt Inspect» бағдарламалық қамтамасыз ету жасақтамасын қатысушы үш банкіге табыстады.

→ Қор «Salt Inspect» және «Salt Payout» бағдарламалық қамтамасыз ету жасақтамаларына зияткерлік меншік құқығын тіркеді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

→ Қор ДСЖХҚ-ның жаңартылған Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелері үшін негізгі қағидалары жобасы бойынша жұмыс тобына қатысуда.

→ Қор Салымдарды сақтандыру Агенттігімен (РФ) бірлесе отырып, Алматыда проблемалы банктердің дәрменсіздігін реттеу механизмдерін жүзеге асыру сұрақтары бойынша семинар өткізді. Бұған Ұлттық Банк және ҚРҰБ Қаржылық қадағалау комитетінің өкілдері қатысты.

→ Қор өкілдері ДСЖХҚ-ның жалпы жиналыстары мен халықаралық конференцияларына спикер және модератор ретінде қатысты:

- Еуропалық аймақтық комитетінің 26-шы жылдық жалпы жиналысы,
- Азия-Тынық мұхит аймақтық комитетінің 11-ші жылдық жалпы жиналысы және «Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі элементтері мен оларды жүзеге асырудағы қиындықтары» конференциясы,
- ДСЖХҚ Атқарушы комитеті мен тұрақты комитеттерінің 39-шы отырысы және «Қаржылық қызметтерге қол жетімділікті арттыру. Депозиттерді сақтандыру ұйымдары үшін тәжірибелік жүзеге асырудың қиындықтары мен кедергілері» халықаралық конференциясы,
- ДСЖХҚ-ның 12-ші жалпы жылдық жиналысы және «Қаржы саласында реформа жүргізу перспективалары мен оларды жүзеге асыру».

→ Алматыда Қор өкілдерімен Швейцарияның Тұрақтандыру қорының Төрағасымен тұрақтандыру банкін құру және оның қызмет ету мәселелері бойынша кездесу ұйымдастырылды.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



Қор коммерциялық емес мемлекеттік мекеме – ҚР ҰБ-нің еншілес ұйымы болып табылады.

Ұлттық Банк Қордың әрі құрылтайшысы, әрі жалғыз акционері және жоғарғы басқару органы болып табылады.

Акционер құзыреттеріне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау Қор жарғысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ғалиева Дина Түлеубекқызымен жүзеге асырылады.

Ғалиева Дина Түлеубекқызы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

2013 ЖЫЛДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Қордың Директорлар кеңесінің құрамына сегіз адам мүше болды, оның ішінде үш тәуелсіз директорлар және Қордың Төрайымы.

Қор Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ақышев Дәнияр Талғатұлы болып табылады.

ҚОРДЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ



Дәнияр Ақышев

Қордың Директорлар
кеңесінің Төрағасы

Қазақстан Республи-
касы Ұлттық Банкі
Төрағасының
орынбасары

Бақыт Мәженова

«Қазақстанның депозит-
терге кепілдік беру
қоры» АҚ Төрайымы
(09.10.2002 ж.- 30.04.2014 ж.
аралығында)



Гүлфайрус Шайқақова

Қазақстан Республи-
касы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және стра-
тегия департаментінің
директоры

Бейсенбек Зиябеков

Тәуелсіз директор



Мұхтар Бөбеев

Қазақстан Республи-
касы Ұлттық Банкінің
Қаржы нарығын және
қаржы ұйымдарын
бақылау мен қадағалау
комитеті Төрағасының
орынбасары

Слава Сизова

Тәуелсіз директор



Виталий Тутушкин

Қазақстан Республи-
касы Ұлттық Банкінің
Қаржылық тұрақтылық
департаменті дирек-
торының орынбасары

Жанат Құрманов

Тәуелсіз директор



2013 жылы Директорлар кеңесінің сегіз отырысы, оның ішінде бесеуі ашық және үшеуі сырттай өткізілді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ КЕЛЕСІ НЕГІЗГІ СҰРАҚТАР ҚАРАЛЫП, ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ:

- Қорға депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызметін жетілдіруге, соның ішінде банктердің дәрменсіздігін реттеу механизмдерін жетілдіруге (тұрақтандыру банкін құру мен оның қызмет етуі) бағытталған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу сұрақтары бойынша өз ұсыныстарын дайындау және оларды ұсынуға кеңес берілді;
- Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі мақұлданды;
- Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін анықтау ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар бекітілді;
- Қосылу шартына толықтырулар бекітілді;
- Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеп беру ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар бекітілді;
- Жеке тұлғалардың жаңадан тартылған депозиттері бойынша сыйақының ең жоғарғы мөлшерлемелері үш мәрте қаралып, бекітілді;
- Тәуекелдер картасы мақұлданды. 2012 жылы атқарылған бизнес-процестер мен тәуекелдерді бағалау бойынша аудиторлық есеп ескертпелеріне сәйкес Қордың іс-шаралар жоспары бекітілді.

КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС

Консультативтік кеңес – депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің мүдделерін білдіретін және оның өкілдерінен құралған Қордың басқару құрылымындағы алқалы кеңес беруші орган.

Консультативтік кеңестің мақсаты - депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қызмет етуімен байланысты сұрақтарды талқылау кезінде қатысушы банктердің ортақ пікірлерін білдіру, сондай-ақ жүйені жетілдіру және реформалау процесіне қатысу.

Консультативтік кеңестің мүшелері жыл сайын қатысушы банктердің жалпы жиналысында сайланады.

Консультативтік кеңестің төрағасы жыл сайын оның мүшелерінің ішінен сайланады. 2013 жылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ өкілі Консультативтік кеңес Төрайымы міндетін атқарды.

2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕСІ



Меруерт Карджанова

«Қазақстан Халық
Банкі» АҚ
2013 жылғы Қордың
Консультативтік кеңесінің
Төрайымы

Татьяна Белова

«Қазкоммерцбанк» АҚ
Бизнесті дамыту
және өнімдерді әзірлеу
департаменті дирек-
торының орынбасары



Марден Жанғаскин

«Еуразиялық Банкі» АҚ
Стратегия және
бөлшек өнімді құру
департаментінің
директоры

Татьяна Белозерцева

«Альянс Банк» АҚ
Басқарма Төрағасының
орынбасары



Аида Деревянко

«АТФБанк» АҚ
Бухгалтерлік есеп және
салық дивизионының
директоры/Бас бухгалтер

Мұрат Әбішев

«Банк ЦентрКредит» АҚ
Қаржы департаментінің
басқарушы директоры



Сергей Инюшин

«Ресей жинақ банкі»
АҚ ЕБ Бөлшек биз-
нес бойынша Басқарма
Төрағасының орынба-
сары

Ирина Парамонова

«Темірбанк» АҚ
Операциондық депар-
таменттің директоры



Ирина Степанова

«Bank RBK» АҚ
Басқарушы директор

Павел Миронов

«Kaspi Bank» АҚ
Басқарушы директор



2013 ЖЫЛҒЫ ҚОРДЫҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК
КЕҢЕСІНІҢ БАЙҚАУШЫЛАРЫ

Айнагүл Дәулетбаева

«БТА Банк» АҚ
Атқарушы директор –
Бөлшек бизнес департа-
ментінің директоры

Сәуле Егеубаева

«Қазақстанның
тұрғын үй құрылыс
жинақ банкі» АҚ
Басқарма Төрағасының
орынбасары



2013 жылы Консультативтік кеңес жеті отырысты өткізді, оның біреуі - сырттай.

ЕСЕПТІК ЖЫЛ ІШІНДЕ КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНДА БАСҚАЛАРМЕН ҚАТАР КЕЛЕСІ
СҰРАҚТАР ҚАРАСТЫРЫЛДЫ:

- ▼ Банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алу мәліметтерінің автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартының талаптарына сәйкестігін орнату шараларын жетілдіру;
- ▼ Қордың келесі құжаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізу жобаларын талқылау:
 - Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесі;
 - Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартымен белгіленген Қор талаптарына сәйкестігін орнату ережесі;
 - Мәжбүрлеп таратылған банктің депозиторларға (салымшыларға) кепілдік берілген өтемді төлеу ережесі;
 - Қосылу шарты.
- ▼ «SalT-Inspect» ақпараттық жүйесінің «Мобильдік тексеру» модулін Қордың қатысушы банктеріне қолданысқа беру тәртібі туралы.

Қордың Директорлар кеңесі күн тәртібінде қарастырылған мәселелері бойынша Консультативтік кеңес мүшелерінің ой пікірлерін есепке алды.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және бекітілген процедураларға сәйкес Қор өз қызметіне тән тәуекелдер деңгейін бағалау жұмыстарын үнемі жүргізуде. Қор қызметінде айтарлықтай мәні бар тәуекелдерді анықтау негізінде, сондай-ақ пайда болу көзі мен әсер тигізу аумағына қарай Қор бөлімшелері қауіп төндіретін тәуекелдерін төмендетуге бағытталған егжей-тегжейлі жоспар құрып, кейін оны Қордың Директорлар кеңесіне бекітуге ұсынады. Аталған іс-қимыл жоспарының дер кезінде және толыққанды жүзеге асуы Қор қызметінің тиімділігі мен жеделдігін айтарлықтай арттыруға, Қор қызметінде келеңсіз оқиғаларды болдырмау және олардың болашақта болу мүмкіндігін азайтуға, сонымен қатар Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына және жалпы осы салада үздік әлемдік тәжірибеге Қор қызметін сәйкестендіруге мүмкіндік береді.

Қор жыл сайын өзінің тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылау жүйесіне баға берудің тәуелсіз бағалануы мақсатында тәуелсіз консалтингтік компанияға жүгінеді. Бұдан өзге, Қордың ішкі тәуекелдерінің тиісінше бағалануы ҚРҰБ Ішкі аудит департаментімен тұрақты түрде тексеріледі.

2013 жылы Қор тәуелсіз кеңесшінің ұсыныстары негізінде және өз қызметінің ерекшелігін ескере отырып, тәуекелдерді басқарудың жаңартылған ережелерінің жобасын дайындады. Аталған жобаны 2014 жылдың екінші жарты жылдығында бекіту жоспарланған.

Қор 2013 жылы өзінің айтарлықтай мәнге ие тәуекелдерін басқару сапасын жақсартуға бағытталған бірқатар бастамаларды көтерді. Қор депозиттерді сақтандыру ұйымдары қызметінің әрбіріне тән маңызды тәуекелдердің негізгі түрлерін азайтуға бағытталған шаралар кешені қысқаша келесі кестеде көрсетілген. Жалпы алғанда, Қор тәуекелдері ойдағыдай қалыпты (төмен және орта) деңгейде қалуда.



ҚОР ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ АСПЕК- ТІЛЕРІ МЕН ПАРАМЕТРЛЕРІ

ҚЫЗМЕТТІҢ АТАЛҒАН АСПЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША ТӘУЕКЕЛДЕРДІ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ТИІСТІ ШАРАЛАРЫ

Кепілдік берілген өтем төлемін ұйымдастыру процесін жетілдіру

- 2009 жылдан бері қатысушы банктердегі кепілдік берілген депозиттер бойынша мәліметтер тізілімін есепке алу және жүргізудің тиістілігі мен толықтығын ұдайы тексеру
- «Salt-Inspect» және «Salt-Payout» ақпараттық жүйелерін дайындау және дамыту
- Кепілдік берілген депозиттер бойынша мәліметтер тізілімін құрастыру мен экспорттау тәртібін реттеп, сондай-ақ олардың сапасы және жүктеу уақытын қысқарту мақсатында Қордың нормативтік құжаттарын жетілдіру
- Қордың «Salt-Inspect» ақпараттық жүйесін кепілдік берілген депозиттер бойынша мәліметтер тізілімін жекешеленген өзіндік сынақтан өткізіп, ары қарай кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қор талаптарына сәйкессіздіктерін жою мақсатында қатысушы банктерге табыстау
- Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтем төлеуді жүзеге асыру тәртібін реттейтін Қордың нормативтік құжаттарын жетілдіру

Қордың арнайы резервінің баламалығы

- Акционердің Қор жарғылық капиталына жыл сайынғы жарналары (10% көлемінде)
- Активтерді инвестициялық басқару стратегиясын сапалы арттыру
- Халықаралық ұсыныстарды ескере отырып, Қордың арнайы резервінің мақсатты мөлшерін анықтау әдістемесін дайындау
- «БАТА» міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесін қайта қарау
- Арнайы резерв қаражаты кепілдік берілген өтем төлеуге жеткіліксіз болған жағдайда қаржыландырудың резервтік механизмдері заңнамамен анықталған: қатысушы банктердің қосымша және төтенше жарналары, сондай-ақ ҚР Ұлттық Банкінен қарызға алу

Тарату өндірісіндегі
Қор қаражатының
қайтарымдылық деңгейі

- Мәжбүрлеп таратылатын банктің уақытша әкімшілігі, тарату комиссиясы және кредиторлар комитетінің құрамына қатысу
- Проблемалы банктердің дәрменсіздігін реттеудің баламалы әдістеріне жататын процедураларды дайындау: тұрақтандыру банкін құру, проблемалық банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір мезгілде беру және т.б.

Инвестициялық қызмет

- Инвестициялық стратегия параметрлерін жыл сайын қайта қарау
- Қор активтерін тек тәуекел деңгейі төмен, алайда рейтингі жоғары қаржы құралдарына инвестициялау

2013 ЖЫЛДАҒЫ БАНК СЕКТОРЫ

2013 ж. қорытындысы бойынша отандық банк секторының жиынтық активтері 1,6 трлн. теңгеге (+11,5%) өсіп, 15,5 трлн. теңгеге жетті. Өсімнің негізгі көзі банктің корпоративтік клиенттерінің депозиттері мен жеке тұлғалардың депозиттері көлемдерінің (15,4%) артуынан болды, жыл соңында 9,8 трлн. теңгеге жетті. 2013 ж. осы көрсеткіштер бойынша айтарлықтай жоғары өсім қарқынын орташа банктер көрсетті.

2013 жылы ЕДБ жиынтық жеке капиталы 72 млрд. теңгеге өсіп (+3,6%), 2,1 трлн. теңгеге жетті.

2013 жылы жиынтық несие портфелі 14,6%-ға немесе 1,7 трлн. теңгеге өсіп, 13,3 трлн. теңгені құрады. Бұған қоса, активтер, соның ішінде несие портфелі сапасының төмендеу үрдісі сақталып қалды. Егер бір жыл бұрын жұмыс істемейтін кредиттердің үлесі банктер несие портфелінің 35,9% құраса, жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 36,9% жетті. Аталған кезеңде стандартты кредиттер екі есеге немесе 1,7 трлн. теңгеге қысқарды, күмәнді кредиттер 66% өсті, ал үмітсіз кредиттер 1,8% өсім көрсетті.

Жалпы алғанда, несие портфелінің құрылымы келесідей болды: жиынтық несие портфеліндегі стандарттық кредиттердің үлесі 11,9%, күмәнді кредиттердің үлесі 62,9%, және үмітсіз кредиттердің үлесі 25,2% құрады.


ДЕПОЗИТТІК БАЗА ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ

2014 ж. 1 қаңтарындағы жағдайына сәйкес депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің саны өзгермеді – 35 ЕДБ. Заңды және жеке тұлғалардың жиынтық депозиттік базасының жалпы өсімі 15,4% немесе 1,3 трлн. теңгені құрап, 9,8 трлн. теңгеге жетті. Осылайша, депозиттердің ЕДБ-тердің жалпы міндеттемелеріндегі үлесі 73,5% құрады. Халық депозиттерінің көлемі есепті жылда 15,7% өсіп, 3,9 трлн. теңгеге жетті.


2013 ж. соңына қарай депозиттік базасының құрылымындағы басым үлесті салымдар жиынтық сомасының 59,9% құрайтын заңды тұлғалардың салымдары құрады, алайда олардың өсім қарқынының баяулағаны байқалды. Жеке тұлғалардың салымдары тұрақты өсім үрдісін көрсетуде, бұл қатысушы банктер қызметінің айтарлықтай бөлшек саудаға бағытталғанын білдіреді. Кейбір орта және шағын банктер басқа банктерден клиенттерді өздеріне тарту мақсатында салымшыларға әртүрлі ақшалай-заттай ұтыс ойынға қатысу, банктік қызметтер бойынша жеңілдік шарттарын ұсыну, сонымен қатар депозит бойынша есептелетін сыйақыны тиімді есептеудің әртүрлі тәсілдерін ұсыну секілді тартымды шарттары бар депозит өнімдерінің түрлерін кеңейтуде едәуір «агрессияшыл» саясатты ұстанды.

Бытырғы жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда, жеке тұлғалар депозиттік базасының өсу қарқыны баяулағаны байқалды: есепті жылғы 15,7% жылдық өсім, 2012 ж. 23,6% өсімге қарағанда төмендеді. 2013 ж. қатысушы банктердегі жеке тұлғалар салымдарының жалпы көлемінің жылдық өзгеру динамикасын бағалай отырып, 2013 ж. 3-тоқсанында халықтың едәуір қаражаттарының шетел валютасындағы депозиттерге өтуін атап өту қажет. Бұл үрдіс теңге бағамының аталған тоқсанда 1,9% шамалы әлсіреуіне байланысты болды (2012 ж. – 1,6%; 2011 ж. – 0,6%), бұл жағдай теңгедегі салымдардың өсу қарқынын 6,5% дейін (+ 135,6 млрд. теңге) күрт төмендетіп, сәйкесінше есепті жылы шетел валютасындағы салымдар өсімінің 30% (+ 400,4 млрд. теңге) артуына мүмкіндік берді. Ұлттық валютадағы депозиттердің үлесі есепті жылы 56% құраса, 2012 ж. бұл көрсеткіш 60,8% болды, сәйкесінше шетел валютасындағы депозиттердің үлесі 44% құраса, ал 2012 ж. – 39,2%.

2009-2014 жж. ДҚБЖ-не қатысушы банктердегі несие портфелі құрылымының динамикасы



Заңды және жеке тұлғалардың депозиттерінің динамикасы



«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Жеке тұлғалардың теңгедегі және шетел валютасындағы депозиттерінің өзгеру динамикасы (%)


	01.01.2009	01.01.2010	01.01.2011	01.01.2012	01.01.2013	01.01.2014
Барлық депозиттер	3,6%	29,1%	16,2%	22,6%	23,6%	15,7%
Теңгеде	-3,5%	-3,5%	48,6%	27,9%	29,7%	6,5%
Шетел валютасында	15,3%	74,4%	-8,7%	16,0%	15,2%	30,0%

Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша негізгі өсімді есепті жылда келесі банктер көрсетті: «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (113,3 млрд. теңге немесе 16,5%), «Ресей Жинақ банкі» АҚ ЕБ (104,8 млрд. теңге немесе 89,2%), «Kaspi Bank» АҚ (89,0 млрд. теңге немесе 27,9%), «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ (63,4 млрд. теңге немесе 48,3%), «Цеснабанк» АҚ (55,0 млрд. теңге немесе 34,7%) және «Еуразиялық банк» АҚ (42,0 млрд. теңге немесе 43,1%). Осы алты банктегі халықтың депозиттік базасы бойынша ортақ өсімі барлық қатысушы банктердегі салымдардың жылдық өсімінің 75,4% құрады.

Халық депозиттерінің құрылымындағы негізгі бөлікті жалпы үлесі 87% немесе 3,4 трлн. теңге және оның жылдық өсімі 494,1 млрд. теңге немесе 16,7% тең мерзімді және шартты салымдар құрады. Келесі ағымдағы және карт-шоттардағы ақшаның жиынтық қалдықтары 42,4 млрд. теңге жылдық өсім көрсетті, олардың депозиттер жиынтық қоржынындағы үлесі - 12%. Талап етуге дейінгі салымдар есепті жылда 0,4 млрд. теңгеге азайып, 36,2 млрд. теңгені құрады, ал олардың жеке тұлғалар депозиттік базасындағы үлесі - 1%.

Халықтың депозиттік базасының өсімі, негізінен, ірі мерзімді салымдардың (15 млн. теңгеден жоғары) 272,6 млрд. теңгеге (+33,1%) ұлғаюына байланысты болды. Сонымен қатар, ірі мерзімді салымдардың (15 млн. теңгеден жоғары) теңгеден 50,4 млрд. теңгеге азаюының есебінен, таза жылдық өсімі 222,2 млрд. теңгені (14,9%) құрады. Мөлшері 5 млн. теңгеге дейінгі мерзімді салымдардың өсімі 18,4% (189,9 млрд. теңге), 5 млн. теңгеден 15 млн. теңгеге дейінгі салымдар 19,3% (82,1 млрд. теңге) өсім көрсетті.

Жеке тұлғалар депозиттерінің негізгі санаттары бойынша құрылымы



ДКБЖ-НЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Қолданыстағы заңнамамен жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашу мен жүргізуге лицензиясы бар барлық банктердің депозиттерге кепілдік беру жүйесіне міндетті қатысуы көзделген. Есепті жылы депозиттерге кепілдік беру жүйесіне Қазақстандағы 38 ЕДБ-дің 35-і қатысты.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаулыларымен келесі банктерде жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және депозиттерді қабылдаумен байланысты банктік және басқа да операцияларды жүргізу лицензиялары тоқтатылды: Еншілес банк «ТАИБ Қазақ Банкі» АҚ Қазақстан Республикасының банктік заңнамасына сәйкес талаптарды орындамағаны үшін 2012 жылдың 1 қарашасынан бастап 6 ай мерзімге, «AsiaCredit Bank (АзияКредит Банк)» АҚ ҚР «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көрсетілген талаптарды жүйелі түрде орындамағаны үшін 2013 жылдың шілде айынан бастап үш ай мерзімге, «RBS (Kazakhstan)» ЕБ» АҚ ҚР «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көрсетілген талаптарды жүйелі түрде орындамағаны үшін 2013 жылдың қараша айынан бастап бір ай мерзімге тоқтатылды.

Сонымен қатар, акционерлерінің ауысуы немесе ребрендинг өткізу салдарынан мемлекеттік қайта тіркеуден өту нәтижесінде кейбір банктердің атаулары өзгерді. Атап айтсақ, 2013 жылдың сәуірінде «Хоум Кредит Банк» АҚ атауы «Хоум Кредит энд Финанс Банк» АҚ ЕБ болып өзгертілсе, маусым айында «Сенім-Банк» АҚ атауы «Qazaq Banki» АҚ болып өзгертілді.

ҚОРДЫҢ АРНАЙЫ РЕЗЕРВИ

Әлем бойынша депозиттерді сақтандыру ұйымдары өкілеттіктерінің ауқымдылығына (жалпы қассаның жай жүйесінен жекеленген тәуекелдерді азайтатын күрделі жүйесіне дейін) және резервті қалыптастырудың қолданылу түріне (ex-ante, резервтің ұдайы алдын - ала жинау әдісі немесе ex-post, депозиттерді сақтандыру ұйымы сақтандыру жағдайынан кейін қажеттілікке қарай арнайы резервті қалыптастыру механизмі) қарамастан, кепілдік берілген төлемді өтеу үшін арнайы резервті міндетті түрде қалыптастырады. Осы резервтің қаражаты сақтандырылған салымшыларға сақтандыру жағдайы орын алғанда кепілдік берілген өтемді төлеу үшін қолданылады.

Қордың арнайы резерві аралас тәртіп негізінде қалыптасады. Арнайы резервті қалыптастыруда алдын – ала жинау әдісімен қатар, сақтандыру жағдайы орын алғаннан кейін қажеттілікке байланысты қалыптасатын механизм де қолданылады.

Қордың арнайы резерві 2013 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайына 172,4 млрд.теңгені құрады.


Қордың арнайы резервінің құрылымындағы басым үлесті банктердің міндетті күнтізбелік жарналары (66,5%) құрайды. 2013 жылдың соңына есептік кезеңнің басымен салыстырғанда, жарналар 25,2 млрд.теңгеге өсіп, 114,7 млрд.теңгені құрады.

Қордың 2000-2012 жылдардағы таза кірісі 9,5 миллиард теңгеге өскен, оның Қордың арнайы резерві құрылымындағы үлесі 22,8 % құрады, 2012 жылдың соңындағы көрсеткіш 23,5 % болған. Кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша борышты жабу үшін «Көмірбанк» ААҚ, «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ және «Валют-Транзит Банкі» АҚ тарату комиссияларынан өндірілген төлемдер сомасы 748 млн.теңгеге артып, 8,4 млрд.теңгені құрады.

2013 жылдың желтоқсан айында Акционер шешімімен Міндетті кепілдік беру заңына сәйкес жарғылық капиталдың 70% мөлшері шегінде Қор шығыстары есебінен Қордың арнайы резерві 10 млрд. теңгеге артты.

Қордың жарғылық капиталының қаражаты резервтік қаржыландыру рөлін атқарады және арнайы резерв қаражатының жеткіліксіздігі жағдайында қолданылады. Есепті жылда Қордың жарғылық капиталының қаражаты 10 % өсіп, 161,1 млрд.теңгені құрады. Есепті жылдың соңында Қазақстан Республикасының заңнамасына арнайы резервті толықтыру үшін қолданылуы мүмкін Қордың жарғылық капиталының ең жоғарғы үлесін 50%-дан 70 %-ға дейін арттыру бөлігінде өзгертулер енгізу жайлы шешім қабылданды. Бұл норма 2014 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап күшіне енді.

Арнайы резервтің құрылымы
(млрд. теңге)



- Жарғылық капиталдың 70% көлеміндегі Қор шығыстары есебінен
- Қордың таза табысы
- Банктердің тарату комиссияларынан алынған сомасы
- Қатысушы банктердің күнтізбелік жарналары



АРНАЙЫ РЕЗЕРВТІҢ МАҚСАТТЫ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Депозиттерді сақтандыру саласындағы үздік әлемдік тәжірибе кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервтің жетіспеушілігі тәуекелін азайту үшін, сонымен қатар қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары мөлшерлемесінің мағынасын анықтауды оңтайландыру үшін арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтайтын арнайы әдістемені дайындау және ұстануды ұсынады.

Депозиттерге кепілдік беру ұйымдары үшін кепілдік берілген өтемді төлеуге арналған арнайы резервтің жеткіліктілігі мәселесі өте маңызды, себебі арнайы резервтің деңгейі жоспарлы кезеңдегі ұйымның қаржылық тұрақтылығын анықтайды, оның ықтимал шығындары мен қаржы ресурстарына деген тиісті қажеттілігін бағалайды және ұйымның қатысушы банктердің жарна мөлшерлемелерін қайта қарастырудың қажеттілігі бөлігінде, сондай-ақ ұйымның инвестициялық стратегиясын түзету бөлігінде және т.б. ұйымның жүргізетін іс-шараларын анықтауға көмектеседі.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес арнайы резервтің жеткіліктілігі деңгейін бағалау кезінде келесі шарттарды ескеру ұсынылады:

→ арнайы резервтің мөлшері банк секторындағы ауыр қиыншылықтар кезіндегі шығынды (депозиторларға төлейтін өтемді қосқанда) өтеу үшін жеткілікті болуы қажет, бірақ жүйелік банк дағдарысы кезіндегі шығынды өтеуге арналмаған;

→ арнайы резервтің мақсатты деңгейі «құбылмалы» болуы керек, себебі кепілдік берілген өтем мөлшеріне, депозиттерді сақтандыру ұйымдарының ықтимал міндеттемелері көлеміне, банк секторының жағдайына байланысты арнайы резервтің жеткіліктілігі деңгейі ұдайы қайта қарастыруды талап етеді.

Арнайы резервтің жеткіліктілігін анықтайтын екі тәсіл бар:

1. сарапшы пікірі негізінде (ДКБЖ-не қатысушы банктердің дефолтқа ұшырау ықтималдығын қарастырмайды),
2. тәуекелдерді талдау негізінде (ДКБЖ-не қатысушы банктердің дефолтқа ұшырау ықтималдығын бағалауды ескереді).

Соның ішінде, депозиттерге кепілдік беру ұйымы арнайы резервінің жеткіліктілігін бағалау үшін үздік әлемдік тәжірибе екінші тәсілді (қатысушы банктердің дефолтқа ұшырау тәуекелін талдау негізінде) қолдануды ұсынады.

«Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңына сәйкес арнайы резервтің мақсатты деңгейі ЕДБ-тердегі жеке тұлғалардың жиынтық депозиттік базасының 5% кем болмауы керек. Бұл деңгей сарапшы пікірінің негізінде анықталған, алайда оның кейбір кемшіліктері де бар. Осыған байланысты 2012 жылдың екінші жартысында Қор қатысушы банктердің қаржы тұрақтылығы көрсеткіштерін, кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша ықтимал шығындар мен басқа да көрсеткіштерді ескеретін арнайы резервтің мақсатты деңгейін анықтайтын әдістемені дамытты.

2013 жылдың ақпан айында Директорлар кеңесі жаңартылған әдістемені мақұлдады. Жаңартылған әдістемеге сәйкес 2013 жылға болжамалы арнайы резервтің мақсатты деңгейі депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердегі жеке тұлғалардың депозиттік базасынан 7,8% деңгейінде анықталды. Арнайы резервтің нақты деңгейі 6,2% тең болды.



ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР ЖАРНАЛАРЫНЫҢ САРАЛАНҒАН МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР ЖҮЙЕСІ

Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкес қатысушы банктердің сараланған немесе тәуекелге түзету жасау арқылы жарналар төленетін жүйесінің болуы моральдық залал қаупін төмендетуге мүмкіндік беріп, депозиттерді сақтандыру жүйесіне қатысушыларға тиімді нарықтық тәртіпті сақтауына көмектеседі. Қатысушы банктер жарналарының сараланған мөлшерлемелер жүйесі банк жүйесінің және басқа қаржы институттарының тәуекелдерін нақты бағалау үшін дамытылды, бұл жүйе жарналардың ортақ мөлшерлемелері жүйесімен салыстырғанда, анағұрлым әділетті болып табылады, өйткені бұл жүйе банктерге өз қаржы көрсеткіштерін тиімді басқару мен жақсартуға қосымша ынталандырады. Жүйенің негізгі сипаттамаларының бірі оның қатысушы банктерге ашықтығы және берілген рейтингілердің құпиялығы.

2013 жылы сараланған мөлшерлемелерді есептеу әдістемесі қайта қарастырылды. Аталған жұмыстарды жүзеге асыру мақсатында Қор жұмыс тобын құрды. Оған Қордың, реттеуші орган мен қатысушы банктердің өкілдері қатысты. Жұмыс тобының мүшелері «БАТА» жарналардың сараланған мөлшерлемесі жүйесі шеңберінде жаңа коэффициенттер бойынша жеке ұсыныстарын берді, және олардың экономикалық маңыздылығы сарапқа салынды. Ағымдағы және ұсынылған көрсеткіштерді статистикалық тестілеуден өткізу үшін индикаторларды есептеу қорытындысы бойынша деректер массивтері түзілді (24 есептік кезеңге 76 индикатор). Статистикалық тестілеуден өткен көрсеткіштер бойынша шектік талдау жасалды. Алынған қорытындылар жұмыс топтарының отырыстарында қаралды. Сараланған мөлшерлемелерді есептеу әдістемесін қайта қарау жұмыстары 2013 жылдың ақпан айынан маусым айына дейін жалғасты. Нәтижесінде капиталдың сәйкестігі, активтердің сапасы және кірістілік көрсеткіштеріне өзгертулер мен толықтырулар, жаңа Q-6 индикаторы (қатысушы банк қызметінің тиімділігін бағалау) енгізілді, сандық және сапалық индикаторлардың балдық жүйесі қайта қарастырылды, сонымен қатар депозиттер бойынша ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін ұсынатын қатысушы банктерді жіктейтін арнайы алтыншы "S" жіктеу тобы енгізілді.


Міндетті күнтізбелік жарналар мөлшерлемелері

Жіктеу тобы	A	B	C	D	E	S
Қатысушы банк күнтізбелік жарнасының мөлшерлемесі (қатысушы банктегі барлық жеке тұлғалардың депозиттері сомасының %)	0,04	0,08	0,11	0,19	0,38	0,5

«БАТА» күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесіне сәйкес есептік жылы 35 банктің ішінен тек үш қатысушы банк өз көрсеткіштерінің жоғарылауына байланысты жарна мөлшері төмен топтарға өтсе, 18 қатысушы банктер өздерінің бұрынғы топтарында қалды, ал 13 қатысушы банктер көрсеткіштерін төмендетті. Осылайша, соңғылары тоқсандық жарналары көбірек мөлшерлемелер қарастырылған жіктемелік топтарға ауысты.

«БАТА» күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелерін есептеу жүйесі 7 жыл ішінде сапалы жетілдіріліп, қатысушы банктердің өз тәуекел дәрежесіне сәйкес жіктеуде және банктердің қаржылық көрсеткіштерін жақсартуда жоғары тиімділігін көрсетті.

«БАТА» жүйесінің жіктеу топтарында қатысушы банктердің орналасуы



- A тобы
- B тобы
- C тобы
- D тобы
- E тобы
- S тобы

АКТИВТЕРДІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ

Депозиттерді сақтандыратын әрбір ұйым өзінің активтерін сақтандырып, көбейту мақсатында сенімді, сондай-ақ өтімді, әрі жеткілікті табыстылық деңгейі бар қаржылық құралдарға қаржыландыруы тиіс.

2013 жылдың 31 желтоқсандағы жағдайына Қор активтерінің жиынтық сомасы 338,1 миллиард теңгені құрады (былтырғы жылдың аяғындағы ұқсас көрсеткішпен салыстырғанда (55,8 миллиард теңгеге) 19,8 % өсті).

Қор активтерінің сенімгерлік басқарушысы болып Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі табылады. Қор мен Ұлттық Банк арасындағы қатынас сенімгерлік басқару шартымен реттеледі.

Қаржы құралдар тізімі мен Қор активтерін инвестициялау тәртібін ҚР заңнамасы анықтайды. Сенімгерлік басқарушы активтерді инвестициялауды жүзеге асырғанда Қордың инвестициялық стратегиясына сүйенеді, ол Қордың Директорлар кеңесімен анықталады және бекітіледі.

Есептік кезеңнің соңына Қордың инвестициялық активтерінің құны 329,3 млрд. теңгені (барлық активтердің 97,4%) құрады. 2013 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық пайда 19 млрд.теңге (өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 31,6%-ға өскен) құрады. 2013 жылы Қордың қаржылық құралдар портфелінің құны 53,8 млрд.теңгеге (19,5%) өсті.

Директорлар кеңесі Қордың инвестициялық стратегиясына валюта нарығында, банктік секторда, қаржы құралдарының кірістілігінде қалыптасқан жағдайларға және басқа да факторларға байланысты түзетулер енгізе алады.


2008 жылдан бастап Қор Қазақстан Республикасының Үкіметімен және қаржылық реттеу органдарымен бірлесе отырып, арнайы резерв активтерінен түсетін инвестициялық табысты салықтан босату жөнінде жұмыс жүргізді. Қор бұл мәселені талқылауды Қаржы министрлігі, Экономика және бюджетті жоспарлау министрлігі және Ұлттық Банктің жауапты бөлімшелерімен бірнеше рет бастама етіп көтерді. Бұдан өзге, Қор Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізу жайлы жұмыс тобының отырысына қатысып, оны Мәжіліс және Сенат депутаттарының кездесуінде де талқыға салды. Атқарылған жұмыстар нәтижесінде, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізілді. Сонымен қатар, «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Заңына Қордың меншікті активтері мен арнайы резерв активтерін бөлек есепке алуды жүргізу бөлігінде өзгертулер енгізілді.

Осыған байланысты, 2013 жылдың желтоқсан айында, Қордың инвестициялық саясаты, активтерді басқарудың инвестициялық стратегиясы және сенімгерлік басқару шарты жобаларына сәйкесінше өзгертулерді енгізуге дайындық жұмыстары басталды. Сонымен қатар, Қордың қаржылық қаражаттарының бөлек есебін жүргізуге қатысты талаптарды орындау үшін қаржы құралдар қоржынын арнайы резервтік қоржынға және меншікті активтер қоржынына бөлу арқылы жүзеге асыру жұмыстары жүргізілді:


→ Қордың меншікті актив қоржыны жарғылық капитал қаражаты есебінен қалыптасады.

→ Қордың арнайы резерв қоржыны қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік жарналары, таратылатын банктердің тарату комиссиясының өтеу сомалары, Қордың инвестициялық табысы мен Акционердің шешімімен басқа да түсімдерден, сонымен қатар, меншікті актив қоржынындағы инвестициялық табыстың қаржы құралдарынан қалыптасады.

Қор активтерінің динамикасы (2006-2013)



31.12.2013 жағдайына Қордың инвестициялық портфелінің құрылымы



КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің ең маңызды қағидаларының бірі - салымшылардың кепілдік берілген депозиттеріне тез арада қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады (Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидалары). Өтемдер төлеуді жүзеге асырудағы уақытты қысқарту және қоғамдағы тыныштықты қолдау үшін кепілдік берілген депозиттер бойынша мәліметті жедел тексеруге мүмкіндік беретін жүйелер және үрдістер болуы қажет. Қатысушы банктердегі депозиттер бойынша ақпарат сапасын жақсартудың алдын-ала қадағалау шаралары - кепілдендірілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шарты талаптарына сәйкестігін орнату Іс-шараларын жүзеге асыру болып табылады (бұдан әрі - Іс-шаралар).

Осылайша, 2009 жылдың ақпан айынан бастап, Қор жоспарлы түрде қатысушы банктерде Іс-шараларды жүзеге асыруда. Осыдан бұрын, 2007 жылы қатысушы банктерде депозиттердің автоматтандырылған есебін жүргізуді бірегейлендіру үшін банктерге салымшылар тізілімін (ары қарай – Тізілім) құру тәртібі мен жүргізу нысанына қатысты бірыңғай талаптар қойылған болатын. Жүргізілген Іс-шаралар тәжірибесі көрсеткендей, қатысушы банктердің Қор талаптарына байланысты Тізілімнің сәйкестігін анықтау олардың көлемінің үлкендігіне байланысты арнайы бағдарламалық өнімсіз тексеру мүмкін емес екенін байқатты, сондықтан да Қор 2011 жылы «Salt Inspect» (бұдан әрі - «Salt Inspect» АЖ) ақпараттық жүйесін дайындауды бастады. 2012 жылы «Salt Inspect» ақпараттық жүйесін тәжірибелік қолданысқа бергеннен кейін, Қор оны Іс-шаралар өткізуге пайдалана бастады. Қазіргі уақытта Қор жеті қатысушы банкте «Salt Inspect» ақпараттық жүйесінің көмегімен Іс-шаралар өткізді. Өткізілген Іс-шаралар қорытындысына сәйкес, қатысушы банктердің Тізілімді құрастыру кезіндегі басты қателіктері мыналар болып табылады: Тізілімде салымшының (депозитордың) сәйкестендіру деректерінің және банктік құжаттарының болмауы немесе олардың қате толтырылуы. Әдетте, аталған қателіктердің себебі: банктің АБАЖ-не депозиттер бойынша мәліметтерді енгізуде қатысушы банк қызметкерлерінің операцияндық қателесуінде. «Salt Inspect» ақпараттық жүйесі Тізілімнің сапасын жедел тексеруге, сонымен қатар анықталған қателіктер негізінде талдау жасау арқылы банктердің АБАЖ-нде ақпарат енгізу кезіндегі банк қызметкерлері жіберген операцияндық қателерді болдырмауға мүмкіндік береді. Қор Іс-шаралар шеңберінде Тізілімнің сапасынан бөлек банктердің АБАЖ-дегі Тізілімді Қормен белгіленген уақытта (5 жұмыс күні) қалыптастыру қабілетін тексереді. 2009-2013 жж. аралығында Іс-шаралар барлығы 32 қатысушы банкте, есептік жылы 5 банкте жүргізілді. Солардың ішінде 3 банкте анықталған сәйкессіздіктердің жойылғандығын анықтау мақсатында Іс-шаралар қайта өткізілді.

Қатысушы банктер Тізілімінің сапасын арттырудың келесі қадамы - «Salt Inspect» ақпараттық жүйесін олардың өздеріне сынақтан өткізуге табыстау болды. Осылайша, Қор есепті жылы 3 қатысушы банктің ресми өтініші бойынша банкке тиесілі жабдықтарында «Salt Inspect» ақпараттық жүйесін орнатты. Қор Банк Тізіліміне тек қана Іс-шаралар өткізу уақытында рұқсат алатындықтан, қатысушы банктерге «Salt Inspect» ақпараттық жүйесін табыстау, олардың Тізілімінің сапасын жақсартудан бөлек, «Salt Inspect» ақпараттық жүйесі арқылы өз Тізілімдерін сынақтан өткізіп жатқан қатысушы банктерден ескертулер және ұсыныстар қабылдап, бағдарламалық өнімнің жылдамдығын және тиімділігін жетілдіруіне мүмкіндік алады.

Қатысушы банктер Тізілімінің сапасын арттыруға бағытталған «Salt Inspect» ақпараттық жүйесінен бөлек, сәйкесінше, мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясы сапасы төмен Тізілімін ұсыну тәуекелін төмендету мақсатында Қор 2011 жылдың аяғынан бастап «Salt Payout» ақпараттық жүйесін (бұдан әрі «Salt Payout» АЖ) жасай бастады. «Salt Payout» ақпараттық жүйесі қатысушы банк мәжбүрлеп таратылғаннан кейінгі Қор жұмысына бағытталған және келесі жұмыс процестерін автоматтандыруға арналған:

- Қор мәжбүрлеп таратылатын банктің тарату комиссиясынан алған деректердің толықтығы мен дұрыстығын тексеру;
- Қордың агент банктен алған кепілдік берілген өтемдерді төлеу есебінің толықтығы мен дұрыстығын тексеру, қате төленген өтемдерді анықтау;
- «Salt Inspect» АЖ-не жүктелінген ақпараттан қызығушылық тудырған статистикаға талдау және тұжырым жасау мақсатында түрлі қорытынды есептерді қалыптастыру.

2013 жылдың тамызында Қор «Salt Payout» ақпараттық жүйесін дайындау жұмысын аяқтап, бағдарламалық өнімді тәжірибелік қолданысқа енгізді. Кейін, Қордың «Salt Inspect» АЖ және «Salt Payout» АЖ құқығына мемлекеттік тіркеу куәлігін алу үшін Қор сәйкес құжаттарды Әділет министрлігінің зияткерлік меншік құқығы комитетіне тапсырды.

2013 жылы қараша айының соңында Қор өзінің барлық қызмет түрлеріне кешенді стресс-тестілеу өткізу арқылы ірі қатысушы банктің барлық банктік операцияларын жүргізу лицензиясын қайтарып алған жағдайда кепілдік берілген өтемді төлеу дайындығын тексерді. Аталған стресс-тестілеудің қорытындысы бойынша жоюды қажет ететін әлсіз тұстары анықталды.

БАНКТЕРДІ ТАРАТУ ЖӘНЕ САЛЫМШЫЛАРҒА КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМДІ ТӨЛЕУ

Қор қызмет еткен 14 жыл ішінде мәжбүрлеп таратылған үш банктің салымшыларына кепілдік берілген өтемді төлеу бойынша өз қызметін табысты атқарғаны заңнамаға сәйкес оның негізгі миссиясының – ұлттық банктік секторға және тұтасымен елдің қаржы жүйесіне, сонымен қатар Қорға деген халықтың сенімін арттыруды жүзеге асыруға септігін тигізді.

2013 жылы «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ мен «Валют-Транзит Банк» АҚ мәжбүрлеп тарату процесі жалғасты.

«НАУРЫЗ БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ

«Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату процесі 2005 жылдың қараша айында басталған болатын. Қор банк салымшыларына кепілдік берілген өтемді жалпы сомасы 679,5 миллион теңге немесе төлемге жататын жалпы соманың 88% -н төледі.

2013 жылдың соңына «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ тарату комиссиясы банк салымшыларына кепілдік берілген өтемнің төленген сомасы бойынша Қор талаптарының 88 %-н өтеді. Есептік жылы тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын, соның ішінде Қор талаптарын қанағаттандырмады. Кредиторлар алдындағы міндеттемелерін орындамауының басты себебі – банктің үш ірі борышкерінің дебиторлық борышын сот арқылы өндіріп алудағы қиындықтар. Борышты жабу үшін банкте басқа активтер жоқ.

Заңнамаға сәйкес Қор өкілі Қор талаптары бойынша онымен толық есеп айырысқанша банктің кредиторлар комитетінің құрамына қатысады. Қазіргі уақытта Қор өкілі «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ кредиторлар Комитетінің Төрағасы болып тағайындалды.

«ВАЛЮТ-ТРАНЗИТ БАНК» АҚ

«Валют-Транзит Банк» АҚ тарату процесі 2007 жылдың наурыз айында басталды. Банктің сақтандырылған салымшыларына кепілдік берілген жиынтық өтем сомасы 13,9 миллиард теңгені құрады. Депозиторларға кепілдік берілген өтемнің қалған төленбеген сомасы Қордың жиынтық міндеттемелерінің 2 %-н құрайды. Бұл «Наурыз Банк Қазақстан» АҚ депозиттері секілді, негізінен, депозиторлар талап етпеген өте аз сомадағы қалдық мөлшері бар шоттар.


2013 жылдың соңындағы жағдайға сәйкес банктің тарату комиссиясына қойған Қор талаптарының 54,71%, яғни жалпы сомасы 7,75 миллиард теңге өтелді.

Қор өкілдері тарату комиссиясы Төрағасының орынбасары және банктің Кредиторлар комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

ҚОР ТАЛАПТАРЫНЫҢ ТАРАТУ КОМИССИЯЛАРЫМЕН ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛУЫ

2013 жылы ҚР Ұлттық Банкі бұйрығымен құрылған «Валют-Транзит Банкі» АҚ проблемалы сұрақтарын қарастыру бойынша жұмыс тобы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары – Қаржылық қадағалау комитеті, Бас прокуратура, Сот актілерін орындау Комитеті, Жоғарғы сот, Экономикалық және жемқорлықпен күрес агенттігі, Қаржы министрлігі, Қарағанды облысы әкімдігі және Қор өкілдерінің қатысуымен жалғасты. 2013 жылы 5 отырыс өткізілді, онда тарату комиссиясына келіп түскен мәселелі сұрақтар талқыланып, сонымен қатар, жұмыс тобы мүшелерімен бірлесе отырып шешу жолдары қарастырылды. Мәселен, тарату комиссиясының сот актілерін орындау департаментімен дебиторлық борышты өндіріп алу бойынша бірлескен жоспары дайындалды.

Қор талаптарының тарату комиссияларымен өтелу динамикасы (%)



■ "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ
■ "Валют-Транзит банк" АҚ

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТАНЫҢ ДАМУЫ

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің мақсаттары, міндеттері және қызметтері Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының заңдарына, Акционердің заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілеріне, Акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдеріне негізделеді. Осыған байланысты, Қор депозиттерге кепілдік беру және банк секторын реттеу мәселелері бойынша құқықтық ортаның дамуына белсенді қатысады.

Депозиттерге кепілдік беру жүйесінің жұмысындағы әлеуметтік бағытты ескере отырып, 2013 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесе отырып атқарылған жұмыстың нәтижесінде арнайы резервтің активтері бойынша инвестициялық табысты салық салудан босату туралы шешім қабылданды. Тиісті өзгерістер Қазақстан Республикасының Салық кодексіне енгізілді. Сонымен қатар, Қор бастамасы бойынша сақтандыру жағдайы орын алғанда қаржы ресурстарын жылдам шоғырландыру мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына кепілдік берілген өтемді төлеу үшін арнайы резерві жеткіліксіз болған жағдайда жарғылық капиталдың 70%-ға дейін беру мүмкіндігін қарастыратын өзгерістер енгізілді.

ҚОР 2013 ЖЫЛЫ УӘКІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНЫМЕН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗАСЫН ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ЖҰМЫСҚА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ:

- ➔ Банкті консервациялау режимі мен уақытша әкімшіліктің қызметі
- ➔ Таратылатын банктің активтері мен міндеттемелерін басқа банкке бір мезгілде беру бойынша операциясы
- ➔ Қаржы институттарын сауықтыру және мәжбүрлеп тарату мәселелері
- ➔ Банктік депозиттік сертификаттарын шығару және оның айналымы
- ➔ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктік құпияны құрайтын мәліметтер тізімін анықтау
- ➔ Таратылатын банктердегі жеке тұлғалардың «ұйқыдағы» банктік шоттарын жабу

Бір жыл ішінде Қор банктік заңнаманы дамыту бойынша бірқатар отырыстарға және жұмыс топтарына қатысты.

Бұдан өзге, есепті жылы Қордың бизнес-процестерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Қосылу шарты, Қордың арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесіне, Міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібін анықтау ережесіне, Кепілдік берілген депозиттерді есепке алу мәліметтерінің автоматтандырылған дерекқорының қатысушы банктерде Қосылу шартымен бекітілген Қор талаптарына сәйкестендіру ережесіне, 2012 жылы жүзеге асырылған бизнес-процестер және тәуекелдерді бағалау бойынша аудиторлық есеп ескертпелеріне сәйкес Қор іс-шаралар жоспарына, Қор құжаттарын мұрағатта сақтауды ұйымдастыру ережесіне, Мәжбүрлеп таратылатын банктің депозиторларына (салымшыларына) кепілдік берілген өтемді төлеу ережесіне, Қор арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау және бекіту ережесіне, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы депозиттерге кепілдік беру жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспарына өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.



ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ ХАБАРДАР ЕТУ

Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларына сәйкес депозиттерге кепілдік беру жүйесінің қолданыстағы механизмі және аталған жүйенің басымдықтары мен шектеулері туралы қоғамның хабардарлығын қамтамасыз ету депозиттерді сақтандыратын ұйым қызметінің басты бағыттарының бірі болуы тиіс.

Қор құрылғаннан бері дәстүрлі түрде бұқаралық ақпарат құралдарының көптеген түрлері және ДКБЖ-нің қызметі, кепілдік берілген өтем сомасы, кепілдік берілген өтемді төлеу тәртібі мен шарттары туралы халықты хабардар ету үшін байланыстың басқа да арналарын қолданады. Қордың ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының жыл сайынғы тұжырымдамасының шеңберінде ақпараттық материалдарды теледидар, радио мен баспасөз басылымдарында (республикалық және аймақтық газеттерде) жариялау қарастырылған. 2003 жылдан бері Қордың жеке ғаламтор-ресурсы www.kdif.kz, сонымен қатар тұрақты түрде «шұғыл желі» (8 8000 80 10 20) жұмыс істейді. Оның көмегімен Қазақстанның кез келген қаласынан ағымдағы және потенциалды салымшылар Қор қызметкерлерінен ДКБЖ-нің қызметі туралы кез келген сұрақ бойынша тегін кеңес ала алады. Бұдан өзге, Қор жыл сайын қатысушы банктер арасында кітапшалар мен салымшыларға арналған жадынамаларды басып таратады.

Қор және ДКБЖ туралы ақпаратты көпшілік арасында тарату мақсатында Қор жыл сайын қызықты сюжетке негізделген имидждік бейне және аудиороликтерді жасауға кәсіби жабдықтаушыға жүгінеді. Олар арқылы депозиттерге кепілдік беру жүйесінің негізгі қағидалары халыққа қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізіледі.

Есептік жыл ішінде Қор басшылығы мен мамандары депозиттерге кепілдік беру сұрақтары бойынша ақпараттық-түсіндірмелік телебағдарламалардың және жаңалықтар сюжеттерінің түсірілімдеріне қатысты, олар «Хабар» («Халықтық сарапшы» бағдарламасы) және «Астана» («Қызықты қаржы» бағдарламасы) телеарналарында көрсетілді.

2013 жылдың сандары мен мәліметтері

Телеарна	140 көрсетілім
Радио	50 шығарылым
Газеттер мен журналдар	24 400 шаршы см

Республикалық «Хабар» және «Ел-Арна» телеарналарында депозиттерге кепілдік беру жүйесі туралы мемлекеттік және орыс тілдерінде 30 секундтық имидждік бейнероликтің 140-тан астам көрсетілімі шықты, бұған қоса «Қазақ радиосы» мен «Ретро FM» радиостансаларында аудиороликтің 50-ден аса шығарылымы берілді. Бұдан өзге, Қор депозиттерге кепілдік берудің ең өзекті сұрақтары бойынша мақала, интервью және басқа да материалдарды үнемі жариялайды, сонымен қатар Қордың шұғыл желі нөмірі бар ақпараттық модульдер баспасөз басылымдарында, сонымен қоса аймақтық газеттерде жарияланды.

Қор есептік жылы қатысушы банктер арасында салымшыларға арналған «Депозиттерге кепілдік беру жөнінде нені білуіңіз керек» жадынамасын және депозиторлар - жеке тұлғаларға арналған 100 мың қысқаша парақшаларды басып шығарып, таратты.

2013 жылдың басында Қор алғаш рет танымал әлеуметтік желілерде пайда болды – Facebook және Twitter желілерінде Қордың корпоративтік парақшалары ашылды.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қор 2003 жылдан бері Депозиттерді сақтандыру жүйелері халықаралық қауымдастығының мүшесі. 2013 жылы Қор ДСЖХҚ-ның екі аймақтық Еуразиялық және Азия-Тынық мұхит комитеттерінің жұмыстарына қатысты.

Жыл ішінде Қор өкілдері ДСЖХҚ-ның түрлі шараларына қатысты, соның ішінде 1) мәселелі банктердің дәрменсіздігін реттеу және кепілдік берілген өтемді төлеу механизмдері, 2) проблемалық банктердің борышын қайта құрылымдаудың депозиттерге кепілдік беру және қаржыландыру сұрақтарына әсер етуі, 3) банк дәрменсіздігіне кінәлі тұлғаларды сотпен қудалау және депозиттерді сақтандыру жүйесіндегі алаяқтықты анықтау, 4) тұрғындарды қаржылық қызметпен қамту, 5) проблемалық банктердің тарату массасынан депозиттерді сақтандыру ұйымдарының шығындарын өтеп беру, 6) қаржы ресурстарын сақтандырудың интеграциялық жүйелеріне, 7) ДСЖХҚ-ның аймақтық Азия-Тынық мұхит комитетінің жұмыс тобы аясында депозиттерге кепілдік беру саласындағы трансшекаралық сұрақтар, сонымен қатар, 8) ислам депозиттерін сақтандыру бойынша жұмыс тобы. Қор қызметкерлері сондай-ақ депозиттер бойынша кепілдік берілген өтемді алуда салымшылардың талаптарын қанағаттандыру бойынша ұйымдастырылған ДСЖХҚ-ның басқарушы қызметкерлерін кәсіби даярлау бағдарламасына қатысты.

ДЕПОЗИТТЕРДІ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕЛЕРІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

(INTERNATIONAL ASSOCIATION OF DEPOSIT INSURERS) 2002 жылы Швейцарияның Базель қаласында Халықаралық есептесулер Банкі штаб-пәтерімен коммерциялық емес ұйым ретінде құрылды.

ҰСТАНЫМЫ

Депозиттерді сақтандыру саласындағы тәжірибені дүниежүзіне тарату

МИССИЯСЫ

Депозиттерді сақтандыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту және ұсыныстар тарату арқылы Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің тиімділігін арттыруға ықпал ету

МІНДЕТТЕРІ

Депозиттерді сақтандыру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамыту, қызмет ететін депозиттерді сақтандыру жүйелерін дамыту мен жаңаларын құру бойынша басшылықты тарату арқылы қаржы жүйелерінің тұрақтылығын қолдау, сонымен қатар депозиттерді сақтандыратын ұйымдар мен басқа да қызығушылық танытқан тараптар арасындағы халықаралық байланыстарды ынталандыру

ДСЖХҚ-ның сәйкесінше арнайы басшылық комитетінде Қор Депозиттерді сақтандырудың тиімді жүйелерінің негізгі қағидаларының жаңа жобасын дайындауға қатысты. 2014 жылы бұл жоба аяқталып, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетіне және Халықаралық валюталық қорға мақұлдануға жіберіледі.

2013 жылдың ақпан айында Қор Ресей Федерациясының салымдарды сақтандыру Агенттігімен екі күндік семинар ұйымдастырды. Онда Агенттік өкілдері проблемалық банктер дәрменсіздігінің кейбір реттеу механизмдерін жүзеге асыру сұрақтары бойынша Қор басшылығы және қызметкерлерімен, сонымен қатар Ұлттық Банк және Қаржылық қадағалау комитетінің өкілдерімен тәжірибесімен бөлісті. Осылайша, Қор қызметкерлері шетелдік әріптестерінің бай тәжірибесі негізінде болашақта жоспарланған проблемалық банктерді тарату немесе дәрменсіздігін реттеуде Қор құзыретін кеңейтуді жүзеге асыру сұрақтары бойынша ойдағыдай теориялық негіз алды.

АДАМ РЕСУРСТАРЫ

2013 жылдың соңына Қордың штаттық саны 31 адамнан тұрды, ал нақты саны 28 қызметкерді құрады, оның ішінде он қызметкер заң, экономика және қаржы, қолданбалы математика мен ақпараттық технологиялар салаларында ғылым кандидаты ғылыми атағы немесе магистр академиялық дәрежелеріне ие.

Қор мамандары өз қызметінде мемлекеттік қызметкердің кәсіби мінез-құлқы мен іскерлік этикасы стандарттарын ұстанады.

Қор қызметкерлері өз құзыретіндегі сұрақтар бойынша үздік әлемдік тәжірибені зерттейді. 2013 жылы Қор өз қызметкерлерінің банктік іс және депозиттерге кепілдік беру тақырыптарындағы халықаралық конференциялар мен семинарларға қатысуын ұйымдастырды.

Қор дәстүрлі негізде өз қызметкерлерінің арасында корпоративтік рухты көтермелеуге көңіл бөледі. Корпоративтік іс-шаралар тұрақты өткізіліп тұрады, сонымен қатар Қор табиғат аясына жиі шығып, қалыптағыдан тыс жағдайда уақытты бірге өткізеді. Алматы қ. мен Ұлттық Банк өткізген спорттық шараларына қатысады.

Қор қызметкерлерінің негізгі сипаттамасы

Көрсеткіштер	2011 жылдың аяғында	2012 жылдың аяғында	2013 жылдың аяғында
Қор қызметкерлерінің саны	25	28	28
Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер (ғылым кандидаттары мен магистрлер)	9	10	10
Қызметкерлердің орташа жасы	35	35	36
Ер және әйел қызметкерлердің пайыздық ара қатынасы	24% / 76%	29% / 71%	29% / 71%

БАНКТІК ІС ЖӘНЕ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУДЕГІ ҮЗДІК ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕНІ ҚОР МАМАНДАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУІ

- ✓ Екінші деңгейдегі банктер үшін капитал мен өтімділіктің жаңаланған стандарттары (Базель-3)
- ✓ Депозиттерге кепілдік беру жүйесі тиімділігі жөніндегі сұрақтары
- ✓ Банктің қаржы дәрменсіздігін реттеу
- ✓ Салымдарды сақтандыру Агенттігінің (Ресей Федерациясы) тәжірибесі бойынша банктерді реттеу мен таратуды іске асыру сұрақтары
- ✓ Кепілдік берілген өтемді төлеуді ұйымдастыру
- ✓ Банк дәрменсіздігінде кінәлі адамдарды сотпен қудалау және кепілдік берілген өтемді төлеуде алаяқтықты анықтау

АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК

«ТАК «Центраудит-Қазақстан» ЖШС директоры
(аудиторлық қызметпен айналысуға мемлекеттік
лицензиясы МФО № 0000017, 1999 жылдың 27
желтоқсанында берілген)
В.В. Радостовец
2014 жылғы 21 ақпан

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ акционеріне

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

Біз ұсынылған «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі мәтін бойынша – «қоғам»), қаржылық есептілігі аудитін жүргіздік, оның құрамына 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есептік саясаты негізгі қағидаларының қысқаша мазмұны және басқа да түсініктемелік ескертпелер кіреді.

Қаржылық есептілік бойынша Қоғам басшылығының жауапкершілігі

Қоғам басшылығы осы қаржылық есептіліктің Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленуіне және шынайы ұсынылуына, сонымен қатар, Қоғам басшылығы алаяқтық немесе қате жіберу нәтижесінде маңызды бұрмалауды қамтымайтын қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесін қамтамасыз ету үшін жауапты.

Аудитордың жауапкершілігі

Біз аудитімізге негізделген бұл қаржылық есептілік туралы айтылған пікірімізге жауаптымыз. Біз аудитті Халықаралық есептілік стандарттарына сәйкес өткіздік. Бұл стандарттар біздің әдеп нор- маларын сақтауымызды, сондай-ақ аудитті қаржылық есептілікте маңызды бұрмалаулардың жоқ екендігіне жеткілікті түрде сенімді болатындай жоспарлауымызды және жүргізуімізді талап етеді. Аудит ұсынылған қаржылық есептіліктегі сомалар мен ақпараттарға қатысты аудиторлық дәлелдерді алуға бағытталған рәсімдердің орындалуынан тұрады. Рәсімдерді таңдау аудиторлық пікірге, со- нымен қоса алаяқтық немесе қателерден туындаған қаржылық есептілік елеулі бұрмалануының тәуекелін бағалауға тәуелді болады. Осы тәуекелді бағалау кезінде аудиторлар, кәсіпорынның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірін білдіру үшін емес, аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында Қоғамның қаржылық есептілігін дайындауға және оны шынайы түрде беруге қатысты ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруды қарастырады. Аудит сонымен қатар, таңдалған есеп саясатының орындылығын және Қоғам басшылығы жасаған бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және қаржылық есептілігінің жалпы ұсынылуын бағалаудан тұрады.

Біз, біздің тарапымыздан алынған аудиторлық дәлелдемелер жеткілікті және біздің аудиторлық пікірімізді білдіру үшін негіз болып табылады деп санаймыз.

Пікір

Біздің пікіріміз бойынша, Қоғамның қаржылық есептілігі 2013 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайының бүкіл маңызды жақтарын, аталған күнге аяқталған жыл ішіндегі қызметінің нәтижелері мен қаржы қозғалысының Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары- на сәйкестігін шынайы көрсетеді.

«Центраудит-Қазақстан» ТАК ЖШС аудиторы

Гашкова Е.Г.

(аудитордың біліктілік куәлігінің №0000048, 02.09.2011 ж. берілген)

Қазақстан Республикасы,
050059, Алматы

қ. Әл-Фараби д-лы, 19, «Нұрлы-Тау» бизнес-орталығы, 1 Б корпусы, 301-302 офис

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ

мың теңге

	2013 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша	2012 ж. 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	6,244,345	3,556,426
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері	329,325,104	275,507,611
Басқа қаржылық активтер	2,334,226	3,172,324
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	115,006	-
Басқа активтер	13,122	9,074
Кейінге қалдырылған салық активі	4,038	2,794
Негізгі құрал-жабдықтар	10,571	9,942
Материалдық емес активтер	30,402	10,100
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	338,076,814	282,268,271
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	161,051,000	146,410,000
Бөлінбеген пайда	3,316,469	9,678,603
Қайта бағалау бойынша резерв	(340,164)	(2,057,710)
Резервтік капитал	1,464,100	1,331,000
Арнайы орналастыру резерві	172,420,488	126,878,024
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	337,911,893	282,239,917
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер	-	3,221
Корпоративтік табыс салығынан басқа салықтар мен төлемдер бойынша міндеттемелер	-	1,699
Басқа қаржылық міндеттемелер	6,802	2,419
Басқа міндеттемелер	158,119	21,015
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	164,921	28,354
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖӘНЕ КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	338,076,814	282,268,271



ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ

мың теңге

	2013 ж.	2012 ж.
Пайыздық кірістер	12,395,670	9,303,663
Пайыздық шығыстар	(38,570)	(19,932)
Таза пайыздық кірістер	12,357,100	9,283,731
Қатысушы банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кіріс	25,996,961	24,203,058
Шетел валютасын қайта бағалаудан болған шығындар шегерілген кірістер	1,265,683	790,885
Басқа операциялық кірістер	1,024	813
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(308,419)	(278,138)
Салық салуға дейінгі пайда	39,312,349	34,000,349
Табыс салығы бойынша шығыстар	1,081	(118,688)
Жыл ішіндегі пайда	39,313,430	33,881,661
Қатысушы банктердің жарналарынан және тарату комиссиясының түсімінен болған таза кірісті арнайы орналастыру резервіне міндетті бөлу	(25,996,961)	(24,203,058)
Міндетті бөлуден кейінгі пайда	13,316,469	9,678,603
Басқа жиынтық кіріс		
Сатуға арналған қаржылық активтерді қайта бағалаудан болған пайда (шығын)	1,717,546	(8,817,120)
Басқа жиынтық кіріс (шығын) жиыны	1,717,546	(8,817,120)
Акционерге тиесілі корпоративтік табыс салығын шегергенде, бір жылғы жиынтықты кіріс (шығын)	15,034,015	861,483

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП (ТІКЕЛЕЙ ӘДІС)

2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ

МҢҢ ТӨҢҒЕ

	2013 ж.	2012 ж.
I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	38,973,931	31,598,117
Міндетті күнтізбелік жарналар түсімі	26,225,847	21,097,827
Тарату комиссиясының түсімі	748,000	1,915,000
Банктерде орналастырылған салымдар бойынша сыйақының түсімі	7,325	6,229
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері бойынша алынған сыйақы	11,978,020	7,911,128
«Кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы алу	3,563	1,473
Корпоративтік табыс салығын өтеу	-	664,556
Басқа түсімдер	11,176	1,904
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының есептен шығарылуы, барлығы	(428,464)	(275,812)
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төленген төлемдер	(104,789)	(111,505)
Іссапар шығыстары бойынша төлемдер	(6,377)	(6,430)
Жұмыскерлерге сыйақы төлеу	(126,376)	(115,166)
Төленген корпоративтік табыс салығы	(117,096)	-
Басқа салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер	(48,023)	(40,856)
Жеке тұлғалардың депозиттері бойынша өтемақы төлеу	(808)	(1,214)
Басқа шығарылымдар	(24,995)	(641)
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	38,545,467	31,322,305
II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	116,551,901	117,730,967
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерді сатудан түскен түсім	106,920,896	116,531,967
«Кері РЕПО» операцияларының түсімі	9,631,005	1,199,000
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының шығарылуы, барлығы	(166,898,263)	(168,322,967)
Негізгі құрал-жабдықтарды иелену	(4,584)	(6,478)
Материалдық емес активтерді иелену	(26,627)	(10,285)
Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтерін иелену	(144,424,035)	(167,107,204)
«Кері РЕПО» операциялары бойынша есептен шығару	(22,443,017)	(1,199,000)
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (есептен шығарылуы)	(50,346,362)	(50,592,000)
III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының қозғалысы		
Ақша қаражаттары және олардың баламаларының түсімі, барлығы	14,641,000	13,310,000
Жай акциялар эмиссиясы	14,641,000	13,310,000
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза түсімі (шығарылуы)	14,641,000	13,310,000
IV. Ақша қаражаттары және олардың баламаларының таза өзгерісі		
Шетел валютасындағы ақша қаражаттары және олардың баламаларының сальдосына айырбастау бағамының өзгеруінің тигізген ықпалы	(152,186)	39,014
V. Есеп беру кезеңінің басында ақша қаражаттары және олардың баламалары	3,556,426	9,477,107
VI. Есеп беру кезеңінің соңында ақша қаражаттары және олардың баламалары	6,244,345	3,556,426



КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2013 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛҒЫ

МҢҢ ТӨҢҒЕ

	Жарғылық капитал	Қайта бағалау бойынша резерв	Резервтік капитал	Арнайы орналастыру резерві	Бөлінбеген пайда	Жалпы капитал
2012 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	146,410,000	(2,057,710)	1,331,000	126,878,024	9,678,603	282,239,917
Жыл ішіндегі пайда					13,316,469	13,316,469
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс (шығын)		1,717,546				1,717,546
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс (шығын)		1,717,546			13,316,469	15,034,015
Акциялар эмиссиясы	14,641,000					14,641,000
Резервтік капиталды құру			133,100		(133,100)	
Арнайы өтеу резервін құру				19,545,503	(19,545,503)	
Қатысушы банктердің жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен пайда болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу				25,996,961		25,996,961
2013 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	161,051,000	(340,164)	1,464,100	172,420,488	3,316,469	337,911,893
2012 жылғы 01 қаңтардағы сальдо	133,100,000	6,759,410	1,210,000	94,458,425	8,337,541	243,865,376
Жыл ішіндегі пайда					9,678,603	9,678,603
Жыл ішіндегі басқа жиынтық кіріс (шығын)		(8,817,120)				(8,817,120)
Жыл ішіндегі жиынтық кіріс (шығын)		(8,817,120)			9,678,603	861,483
Акциялар эмиссиясы	13,310,000					13,310,000
Резервтік капиталды құру			121,000		(121,000)	
Арнайы өтеу резервін құру				8,216,541	(8,216,541)	
Қатысушы банктердің жарналары мен тарату комиссиясының түсімдерінен пайда болған таза кірісті арнайы өтеу резервіне міндетті бөлу				24,203,058		24,203,058
2012 жылғы 31 желтоқсандағы сальдо	146,410,000	(2,057,710)	1,331,000	126,878,024	9,678,603	282,239,917

ҚАРЖЫ ЕСЕБІНІҢ НЫСАНДАРЫНА ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан былай – Қор), Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы №393 қаулысының негізінде құрылған.

Қордың есеп саясаты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес әзірленген.

31.12.2013 жылға Қор активтері 338 076 814 мың теңгені құрайды.

Негізгі құрал-жабдықтар бойынша тозуды есептеу кезінде – тік желілік әдіс қолданылады. Есепті кезеңде сатып алынған негізгі құрал-жабдықтардың сомасы 4 584 мың теңгені және материалдық емес активтердің сомасы 26 627 мың теңгені құрайды. Ұзақ мерзімді жалға алынатын негізгі құрал-жабдықтар жоқ. Аяқталмаған құрылыс жоқ.

Еншілес және тәуелді ұйымдар жоқ.

Жылжымайтын мүлікке инвестициялар жоқ.

Тауар-материалдық қорларды бағалау әдісі – орташа алынған құн әдісі.

Дебиторлық берешек сомасы 8 054 372 мың теңгені құрайды. Кредиторлық берешек 164 921 мың теңгені құрайды.

Күмәнді талаптар жоқ.

Қаржы инвестициялары сату үшін жарамды болып жіктеледі. Қордың қаржы инвестицияларын мемлекеттік бағалы қағаздар құрайды: Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің бағалы қағаздары, АҚШ Үкіметінің бағалы қағаздары және «Қазақстанның ипотекалық компаниясы» АҚ бағалы қағаздары. 31.12.2013 жылға қаржы инвестициялары 329 325 104 мың теңгені құрады.

Меншікті капитал бөліміндегі қозғалыс қатысушы банктердің күнтізбелік жарналарын нақты көрсету және есепке алу әдісі бойынша және таратылу массасынан өтеу сомаларының түсуінен болды.

Заемдар жоқ.

Дивидендтер есептелмейді.

2013 жылғы кіріс 13 662 377 мың теңгені құрады. Есепті кезеңге өзге және жалпы әкімшілік шығыстар 345 908 мың теңгені құрады.

Есепті кезеңдегі таза табыс 13 316 469 теңге.

01.01.2014 жылға мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығының сомасы 4 038 мың теңге.

Төрайым

Бас есепші

Б. Мәженова

А. Пичитаева



ҚОСЫМШАЛАР

1) ДЕПОЗИТТЕРГЕ МІНДЕТТІ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫ БАНКТЕР

		Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы банк куәлігінің нөмірі
1.	«БТА БАНКІ» АҚ	№ 001
2.	«БАНК ЦЕНТРКРЕДИТ» АҚ	№ 002
3.	«ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ	№ 003
4.	«АТФБАНК» АҚ	№ 004
5.	АҚ ЕБ «RBS (KAZAKHSTAN)»	№ 005
6.	«ТЕМІРБАНК» АҚ	№ 006
7.	«БАНКПОЗИТИВ ҚАЗАҚСТАН (БАНК АПОАЛИМ Б.М. БАНКІНІҢ ЕБ)» АҚ	№ 008
8.	«ҚАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ	№ 009
9.	«НҰРБАНК» АҚ	№ 010
10.	«KASPI BANK» АҚ	№ 011
11.	«СИТИБАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ	№ 012
12.	«DELTA BANK» АҚ	№ 013
13.	«HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ ЕБ	№ 014
14.	«ЕУРАЗИЯЛЫҚ БАНК» АҚ	№ 015
15.	«ЦЕСНАБАНК» АҚ	№ 016
16.	«АЛЬЯНС БАНК» АҚ	№ 017
17.	«АЛЬФА-БАНК» ЕБ АҚ	№ 018
18.	«ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ ЕБ	№ 020
19.	«CAPITAL BANK KAZAKHSTAN» АҚ	№ 022
20.	«ASIACREDIT BANK (АЗИЯКРЕДИТ БАНК)» АҚ	№ 023
21.	«QAZAQ BANKI» АҚ	№ 024
22.	«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ	№ 025
23.	«ЗАМАН-БАНК» АҚ	№ 026
24.	«ҚЗХ БАНКІ ЕБ» АҚ	№ 028
25.	«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ» ЕБ АҚ	№ 029
26.	«PNB-ҚАЗАҚСТАН» ЕБ АҚ	№ 030
27.	«АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ САУДА-ӨНЕРКӘСІП БАНКІ» АҚ	№ 032
28.	«ҚАЗИНВЕСТБАНК» АҚ	№ 033
29.	«БАНК ХОУМ КРЕДИТ» АҚ ЕБ	№ 034
30.	«ПӘКІСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІСІНІҢ» ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕНШІЛЕС БАНКІ АҚ	№ 035
31.	«FORTEBANK» АҚ	№ 037
32.	«ШИНХАН БАНК ҚАЗАҚСТАН» АҚ	№ 039
33.	БАНК ВТБ (ҚАЗАҚСТАН) АҚ ЕҰ	№ 040
34.	«БАНК KASSA NOVA» АҚ	№ 041
35.	«BANK RBK» АҚ	№ 042


«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

Депозиттерге кепілдік беру жүйесіне қатысушы
банктердің саны (2000-2013)


Жыл	2000	2001	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
ДКБЖ-не қатысушы банктердің саны (жылдың соңына)	16	21	22	31	34	33	33	33	36	36	34	35	35	35

2) СОҢҒЫ 5 ЖЫЛДАҒЫ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІ САНДАР МЕН ФАКТІЛЕРДЕ


Активтер




Кірістер




Жарғылық капитал




Арнайы резерв



Күнтізбелік жарналар



Жеке тұлғалардың депозиттері



3) ГЛОССАРИЙ

АГЕНТ БАНК	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушысы болып табылатын және депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйыммен жасалған келісімнің негізінде депозиторларға кепілдік берілген өтем төлеу жөніндегі рәсімдерді орындайтын банк
ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ЖҮЙЕСІ	Депозиттерге міндетті кепілдік беру Заңында көзделген, қатысушы банктер депозиторларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған ұйымдық-құқықтық шаралар кешені
ЖАЛПЫ ЖИНАҚТАУШЫ БАЛЛ	Қатысушы банктің есепті тоқсанды қоса есептегенде соңғы жеті тоқсанда, жинаған жалпы балдарын есепке ала отырып шығарылатын міндетті күнтізбелік жарналарының мөлшерлемесін анықтайтын есепті тоқсанға жинақтаушы балы
ЖАРНАЛАР	Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға қатысушы банктердің Міндетті кепілдік беру заңының талаптарына сәйкес төлейтін төлемдері
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ДЕПОЗИТ	Депозиттерге міндетті кепілдік беру заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылатын депозит
КЕПІЛДІК БЕРІЛГЕН ӨТЕМ	Депозиттерге міндетті кепілдік беру заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым кепілдік берілген депозит бойынша депозиторға төлейтін ақша сомасы
ҚАТЫСУШЫ БАНК	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылатын, тартылған депозиттерін қайтару жөніндегі міндеттемелеріне Міндетті кепілдік беру заңына сәйкес кепілдік берілетін банк
ҚАТЫСУШЫ БАНКТІҢ КҮӘЛІГІ	Депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым қатысушы банкке беретін және оның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатынын куәландыратын құжат
ҚОСЫЛУ ШАРТЫ	Банктің депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қосылу шарты, оның талаптарын депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым айқындайды және олар жүйеге кіретін барлық банктер үшін стандартты болып табылады
САНДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	Қатысушы банктің қаржылық қызметін сипаттайтын көрсеткіштер
САПАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР	Қатысушы банктің басқару сапасын сипаттайтын көрсеткіштер
СЫЙАҚЫНЫҢ ЕҢ ЖОҒАРҒЫ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ	Қордың Директорлар кеңесімен бекітілетін және қатысушы банктерге ұстану мақсатында ұсынылатын жеке тұлғалардың қайта тартылған депозиттерінің (теңгеде және шетел валютасында) ең жоғарғы сыйақы мөлшерлемелері
УӘКІЛЕТТІ ОРГАН	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕПОЗИТТЕРГЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ

4) ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЖ	Ақпараттық жүйе
АҚ	Акционерлік қоғам
АТМАК	ДСЖХҚ-ның Азия-Тынық мұхит аймақтық комитеті
Әдістеме	Қор арнайы резервінің мақсатты деңгейін анықтау әдістемесі
ДКБЖ	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесі
ДСЖХҚ, IADI	Депозиттерді сақтандыру жүйелерінің халықаралық қауымдастығы (International Association of Deposit Insurers)
ЕААК	ДСЖХҚ-ның Еуразиялық аймақтық комитеті
ЕДБ	Екінші деңгейдегі банк
Ереже	Міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің міндетті күнтізбелік, қосымша және төтенше жарналарды төлеу мөлшерін және тәртібін анықтау ережесі
Қатысушы банктер	Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктер
ҚҚҚ	Қазақстанның қаржыгерлер қауымдастығы
ҚҚК, Қаржылық қадағалау комитеті	ҚР Ұлттық Банкінің қаржы нарықтарын бақылау және қадағалау комитеті
Қор	«Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру Қоры» АҚ; депозиттерге міндетті кепілдік беретін ұйым
ҚР ҰБ, Ұлттық Банк	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Міндетті кепілдік беру заңы	«Екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» ҚР Заңы
РФ	Ресей Федерациясы
СМЖ	Міндетті күнтізбелік жарналардың сараланған мөлшерлемелер жүйесі
ТМД	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы
ХВҚ	Халықаралық валюталық қор
Іс-шаралар	Қордың қатысушы банктерде кепілдік берілген депозиттерді есепке алудың автоматтандырылған дерекқорының Қосылу шартының талаптарына сәйкестігін орнату іс-шаралары